




Негізгі түйіндер

2015ж. қаңтар-ақпанда рост экономика баяу өсті.

2015ж. қаңтар-ақпанда қысқамерзімді экономикалық индикатордың өсуі өткен жылғы тиісті кезеңге қарағанда 102,8%-дан 101,9%-ға дейін төмендеді. Бұл ретте баяу өсу іс жүзінде экономиканың барлық базалық салаларында байқалды.



*-индикатор экономиканың даму үрдісін сипаттайды және шығару индексінің мынадай базалық салалар бойынша өзгеруіне негізделеді: ауылшаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс. Осы салалардың ІЖӨ-дегі көлемі 67-68%-ды құрайды.

1. Макроэкономикалық индикаторлар

1.1. Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер

№пп	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2015 ж. қаңтар-ақпан	2015 ж. ақпан	% - бен		2015 ж. ақпан 2015 ж. қаңтарға % - бен
					2014 ж. қаңтар-ақпанда	2014 ж. ақпан	
А		Б	1	2	3	4	5
1	ІЖӨ (2014ж. жедел деректер)	млрд. теңге	38 033,1		104,3		
2	Өнеркәсіп	млрд. теңге	2 174,8	1 087,5	100,4	101,6	101,7
3	Ауылшаруашылығы	млрд. теңге	156,2	76,3	102,4	101,5	96,0
4	Құрылыс	млрд. теңге	147,0	86,0	101,5	104,7	141,0
5	Көлік (жүк айналымы)	млрд. т.км.	78,5	37,8	115,5	109,1	92,8
6	Байланыс	млрд. теңге	114,0	54,8	109,0	106,9	91,1
7	Сауда	млрд. теңге	857,2	410,9	103,9	103,1	92,9
8	Негізгі капиталға инвестициялар	млрд. теңге	560,8	311,8	102,5	102,6	125,0
9	Тұтыну бағасының индексі (ТБИ)	%	-	-	106,8	106,1	100,4
10	Жұмыссыздық деңгейі (бағалау)	%	-	5,0	-	-	-

Бір айға кешігумен қалыптастырылатын көрсеткіштер

№пп	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2015ж. қаңтар	% - бен	
				2014 ж. қаңтар	2014 ж. желтоқсанға
А		Б	1	3	4
1	Сыртқы сауда айналымы	млн. долл.	7 526,6	71,1	82,3
1.1.	- экспорт	млн. долл.	4 808,0	60,8	92,3
1.2.	- импорт	млн. долл.	2 718,6	101,8	69,1
2	Орташа жан басына шаққандағы ном. ақшалай кіріс (бағалау)	мың теңге	60,8	107,7	84,2
3	Орташа айлық номиналды жалақы	мың теңге	119,3	-	-
4	Нақты жалақы индексі	%	-	-	-

Ескерту: Шолуды дайындау кезінде Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (ҰЭМКС), ҚР Ұлттық Банктің, ТМД Статкомитетінің, Еуростаттың, РФ Мемстатистиканың Федералдық қызметі деректері пайдаланылды. СК оларды нақтылауға, қайта санауға орай деректерде қарқынды бірқатар өзгерістер болуы ықтимал.

Қабылданған қысқарулар: ІЖӨ-ішкі жалпы өнім, ТМД-Тәуелсіз Мемлекеттер достастығы, НКІ-нақты көлем индексі, ТБИ- тұтыну бағасының индексі



1.2. Экономикадағы оң және теріс өзгерістер

2015 жылғы қаңтар-ақпанда іс жүзінде барлық негізгі салаларда баяу өсуге себепші болған экономика баяу өсті.

Оң үдерістер

p/c№	2015ж. қаңтар-ақпан 2014ж. қаңтар-ақпанға %-бен	Факторлар	Анықтамалық: 2015ж. қаңтар 2014ж. қаңтарға %-бен
1. ДЖӨ (2014ж. жедел деректер)	104,3	іс жүзінде барлық негізгі құрауыштардың өсуі	
2. Өнеркәсіп	100,4	тау-кен өндіру саласында, сол сияқты өңдеуші салада көрсеткіштердің жақсаруы	99,2
2-1. Тау-кен өндіру саласы	100,9	өңделмеген мұнай, табиғи газ және метал рудаларды өндіру көлемінің ұлғаюы	99,3
2-2. Өңдеу саласы	100,3	металлургиялық өнеркәсіптегі өндіріс көлемінің ұлғаюы	99,4
3. Ауылшаруашылығы	102,4	мал шаруашылығы өнімін шығарудың ұлғаюы	103,3
4. Құрылыс	101,5	күрделі және ағымдағы жөндеу бойынша құрылыс жұмыстары көлемінің ұлғаюы	97,5
5. Көлік (жүк айналымы)	115,5	теміржол көлігіндегі жүк айналымы көлемінің ұлғаюы	122,0
6. Байланыс	109,0	Интернет желісінде көрсетілетін қызметтің өсуі	110,8
7. Сауда (бөлшек тауар айналымы)	103,9	нарықтарда және дара кәсіпкерлерде сауданың өсуінің ұлғаюы	104,7
8. Негізгі капиталға инвестициялар	102,5	меншікті қаражат есебінен қаржыландырудың ұлғаюы	102,3
9. Инфляция	106,8	азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының төмендеуі	107,5
10. Внешнеторговый оборот: импорт (январь 2015ж.к январю 2014ж.и 2014ж.к 2013г.)	101,8	машиналар және жабдық импортының ұлғаюы	84,4

2015 жылғы қаңтар-ақпанда кредиттеудің жылдық өсу қарқыны айтарлықтай баяулады. Экспорттың жалғаспалы түрде қысқаруына сыртқы сауда айналымының төмендеу қарқынының ұлғаюы себепші болды.

Теріс өзгерістер

p/c№	2015 ж. қаңтар %-бен, 2014 ж. қаңтарға	Факторлар	Анықтамалық: 2014ж.2013 жылға
11. Сыртқы сауда айналымы	71,1	экспорттың төмендеуі	89,5
11-1. Сыртқы сауда айналымы: экспорт	60,8	Минерал өнімдері, оның ішінде жылу-энергетикалық тауарлар бойынша экспорттық түсімдердің қысқаруы	92,4




Ішкі жалпы өнім

1.3. Өндіріс әдісімен ІЖӨ

2014 жыл үшін ІЖӨ 4,3%-ға өсті

ҰАМСК-нің деректері бойынша, ІЖӨ 2014 жыл үшін нақты көрсеткіш бойынша 4,3%-ға ұлғайып, 38,033 трлн.теңге болды

Тауарлар өндірісі 1,0%-ға, ал қызмет көрсету 6,0%-ға өсті. 2013 жылғы осындай көрсеткіштермен салыстырғанда, өндірістің өсуі 1,1%-ға баяулады, бұл ретте өндірістің үлесі 55,5%-ға дейін өсті.




Қызмет көрсету секторы, мұнда іс жүзінде барлық негізгі құрамдас бөліктер өсуді көрсетті, 2014ж. экономиканың драйвері рөлін атқарды

1.4. Түпкілікті пайдалану әдісімен ІЖӨ

2014 жылғы 9 айда түпкілікті пайдалану әдісімен ІЖӨ 3,7%-ға ұлғайды

ҰАМСК деректері бойынша, 2014ж. 9 айда ІЖӨ нақты көрсеткіш бойынша 3,7%-ға ұлғайып, 25,63 трлн.теңге болды. Түпкілікті тұтыну шығыстары 2,5%-ға өсті, жалпы жинақтау 2013 жылғы тиісті кезеңге қарағанда 0,2%-ға ұлғайды.

Өсу мем. басқару органдарының (11,2%), ҰШҚҚ* (1,3%) түпкілікті тұтыну шығыстарының, сондай-ақ негізгі капитал жинақтары шығыстарының ұлғаюына (3,0%-ға өсу) себепші болды. "Таза экспорттың" үлесі экспорт үлесінің ұлғаюына (2,6%) орай тауарлар және қызмет көрсету импорты (1,5%) үлесінің азаюы кезінде 2013 жылғы тиісті кезеңге қарағанда 3,3%-ға өсті.




* - ҰШҚҚҒ - үй шаруашылықтарына қызмет көрсетуші коммерциялық емес ұйымдар

1.5. ТМД елдеріндегі ІЖӨ

2014 жылғы қорытындылар бойынша - Өзбекстан ІЖӨ-нің өсуі бойынша көшбасшы

ҰАМСК және ТМД Статистикалық Комитеттің деректері бойынша ТМД елдерінің арасында 2014ж. ІЖӨ-нің ең көп өсу 2013 жылғы тиісті кезеңге қатысты Өзбекстанда (8,1%-ға өсу), ең азы - Ресейде (0,6%) байқалды. Украинада 2014 жылы ІЖӨ 2013 жылға қарағанда 5,2%-ға төмендеді.

1 - Молдова және Армения бойынша 2014 жылғы қаңтар-қыркүйек үшін деректер 2013 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда
2 - Украина бойынша деректер 2014 жылғы 3-тоқсан 2013 жылғы 3-тоқсанға





1.6. Негізгі ықпал ету факторлары

Мұнайдың бағасы

Мұнай бағасының өзгеруі өнеркәсіптегі баға деңгейіне және тиісінше өндірістің құндық көлеміне айтарлықтай ықпал етті. 2015 жылғы қаңтарда, 2014ж. қаңтарға қатысты, Brent маркалы мұнайдың номиналдық құны 59,3%-ға төмендеді, бұл ретте тау-кен өндіру саласында өндірістің нақты көлемі 0,7%-ға азайды, ал тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемі ақшалай көрсеткіште 37,9%-ға төмендеді.

Мұнайдың бағасы және өндіріс көлемі


Өнеркәсіп өндірісіне негізгі салымды өңделмеген мұнай өндіру қосады, оның үлесі 2015ж. ақпанда 40,5% болды.

2015ж. ақпанда өңделмеген мұнайды өндіру (нақты көрсеткіш) 2014ж. ақпанға қатысты 2,9%-ға ұлғайды. 2015ж. ақпанда Brent маркалы мұнайдың бағасы бір баррель* үшін 57,9 доллар болды, бұл 2014ж. ақпандағы 50,9\$-ға төмен және 2015ж. қаңтардан 9,8\$ жоғары. Тау-кен өндіру саласының жылдық НКИ 2,5%-ға ұлғайды, ал айлық - 1,5%-ға азайды.**

2015ж. қаңтар-ақпанда өңделмеген мұнайды өндіру көлемі (нақты көрсеткіш) 2014ж. тиісті кезеңге 0,7%-ға төмендеді.

* - <http://econ.worldbank.org>

** - <http://stat.gov.kz>: 2015 жылғы қаңтар-ақпандағы өнеркәсіп жұмысының қорытындылары

**Сыртқы сұраныс**


Қазақстандық экспорттың көп бөлігі Еуроодақ елдеріне (2015 жылғы қаңтардағы экспорттың үлесі 59,2% болды), Қытайға (10,5%) және Ресейге (5,3%) жеткізілетіндіктен, осы елдердің экономикаларының жай-күйі Қазақстанның сыртқы саудасының көлеміне біршама тәуелді. 2014 жылғы 4-тоқ. ЕО ІЖӨ есуі (28) 0,4% болды, Ресейде 2014 жылы көрсеткіш 0,6%-ға дейін баяулады, Қытайда 2014 жылы есу 7,3%-ға дейін баяулады.

**Сыртқы сауда айналымы
2015 ж. қаңтар**

2015ж. қаңтарда сыртқы сауда айналымы 28,9%-ға төмендеді (экспорт 39,2%-ға төмендеді, импорт - 1,8%-ға ұлғайды). 2015ж. қаңтарда (2014 ж. желтоқсанға) сыртқы сауда айналымы 17,7%-ға төмендеді (экспорт 7,7%-ға, импорт - 30,9%-ға қысқарды).

Экспорттың құрылымында минерал өнімдер (2015 ж. қаңтар 79,3%), импортта - машиналар, жабдық, көлік құралдары, аспаптар және аппараттар (50,5%) басым болып тұр.

2015 ж. қаңтарда ЕАЭО* елдерімен экспорт 2014 ж. тиісті кезеңге 41,2%-ға қысқарды, импорт - 7,8%-ға ұлғайды.



* - ЕАЭО-Еуразиялық Экономикалық Одақ

Экономикадағы ақша ұсынысы

Сыртқы нарықтардағы конъюнктураның өзгеруі (мұнай бағасының төмендеуі) экономиканы кредиттеуге теріс әсерін тигізді. АҚШ-тағы сандық жұмарту бағдарламасының аяқталуы, дамушы мемлекеттердің нарықтарынан капиталдың дамыған елдерге ағыны өңірлік және отандық экономикаға әсерін тигізді. Сонымен қатар, 2014 жылы Ұлттық қордың активтерінен экономиканы қолдауға қаражат бөлуге шешім қабылданды: банктер арқылы шағын және орта бизнес субъектілерін кредиттеуге бөлінген 100 млрд. теңге мөлшерінде қаражат толық игерілді, бұдан басқа, 250 млрд. теңге банктердің жұмыс істемейтін кредиттерімен жұмыс істеу үшін "Проблемалық кредиттер қоры" АҚ-тың жарғылық капиталын толықтыруға жіберілді. Мемлекеттің шараларына орай сыртқы теріс факторлардың ықпал ету дәрежесі төмендеді, бұл экономиканы жеткілікті кредиттік ресурстармен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Кредиттер бойынша берешек*


2015 ж. қаңтар-ақпанда, кредиттеу көлемі 12,08 трлн. теңгеге дейін 0,2%-ға төмендеді.

Кредиттеудің жылдық есімі 0,1%-ға дейін төмендеді (2015 ж. қаңтардың аяғында 7,5% болды), яғни кредиттеудің жалпы көлемінің баяу есу үрдісі байқалды.

Кредиттеудің ең көп есуі көлік және байланыс саласында (4,8%) байқалды, басқалары** салаларын кредиттеу көлемі (0,2%) мүлдем өзгерген жоқ. Жылдың басынан бастап 2015 ж. ақпанның соңындағы жағдай бойынша байланысты, құрылысты және сауданы кредиттеу тиісінше 10,5%-ға, 3,4%-ға және 1,7%-ға төмендеді.

* - кезең аяғындағы деректер бойынша

** - өндірістік емес сала, дара қызмет






2. Экономиканың негізгі салаларындағы НКИ

Тауарлар өндірісі

2.1. ӨНЕРКӘСІП


Өнеркәсіп өндірісі көлемінің ұлғаюы

2015ж. қаңтар-ақпанда өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2014 ж. тиісті кезеңге 0,4%-ға ұлғайды (2015 ж. қаңтар - 0,8%-ға төмендеді, 2014 ж. қаңтар-ақпанда - 0,1%-ға өсті). Ұлғаю тау-кен өндіру және өңдеу салаларында көрсеткіштердің жақсаруына себепші болды.




Тау-кен өндіру - өндіріс көлемінің ұлғаюы

2015 ж. қаңтар-ақпанда тау-кен өндіру саласы өндірісінің көлемі 2014 жылғы тиісті кезеңге 0,9%-ға ұлғайды (2015ж. қаңтар - 0,7%-ға төмендеді, 2014ж. қаңтар-ақпанда - 2,2%-ға төмендеді). Өңделмеген мұнайды өндіру 2,9%-ға (2015 ж. қаңтар - 1,5%-ға төмендеді), табиғи газ 7,3%-ға ұлғайды және метал рудаларды өндіру көлемі 3,9%-ға ұлғайды.



Өңдеу - өндіріс көлемінің ұлғаюы

2015ж. қаңтар-ақпанда сала бойынша ұлғаю 2014 жылғы тиісті кезеңде 0,3% болды (2015 ж. қаңтар - 0,6%-ға төмендеді). Металлургия өнеркәсібіндегі өндірістің көлемі 13,3%-ға ұлғайды (негізгі асыл және түсті металдар өндірісінің 22,3%-ға жедел өсу салдарынан 2015 ж. қаңтар-ақпандағы үлесі өңдеу өнеркәсібінің көлемінен 37,3% болды).




цифры старые в выноске

2.2. Құрылыс

Өсу қарқынының ұлғаюы


2015 жылғы қаңтар-ақпанда жүргізілген құрылыс жұмыстарының көлемі 2014 жылғы қаңтар-ақпанмен салыстырғанда 1,5%-ға дейін ұлғайды. 2015ж. қаңтар-ақпанда құрылыс-монтаж жұмыстары көлемінің құрылыс жұмыстары құрылымындағы үлесі 91,1% болды, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 0,7%-ға азайды, күрделі және ағымдағы жөндеу бойынша тиісінше 1,6%-ға және 1,1%-ға ұлғайды.




цифры старые в выноске

**2.3. Ауылшаруашылығы****Жедел өсу қарқыны**


Ауылшаруашылығы секторы 2015 жылғы қаңтар-ақпанда 2014 жылғы тиісті кезеңге қарағанда 2,4%-ға өсті (2015 жылғы қаңтарда - 3,3%-ға өсті, 2014 жылғы қаңтар-ақпанда - 1,9%-ға өсті). Өсуге 2015ж. қаңтар-ақпанда 2014ж. тиісті кезеңге қарағанда мал шаруашылығы өнімі көлемінің 2,5%-ға ұлғаюы себепші болды, осы уақытта өсімдік шаруашылығы өнімінің көлемі өзгерген жоқ.

**Қызмет көрсету өндірісі****2.4. Сауда****Өсудің жалғасуы**


2015ж. қаңтар-ақпанда бөлшек тауар айналымының өсуі 2014ж. қаңтар-ақпанмен салыстырғанда 3,9%-ға дейін ұлғайды (2014ж. қаңтар - 4,7%, 2014ж. қаңтар-ақпан - 10,4%). Негізгі фактор - сауда-саттық жасаушы кәсіпорындардың сауда көлемінің өсуі - 2,2%-ға дейін (бөлшек тауар айналымындағы оның үлесі - 54,9%) ұлғайды.

**2.5. Көлік****Өсудің жалғасуы**

Көлік секторындағы көлем 2014ж. қаңтар-ақпанмен салыстырғанда 2015 жылғы қаңтар-ақпанда 15,5%-ға айтарлықтай өсуді көрсетті, бұл теміржол көлігіндегі жүк ағынының 27,1%-ға (оның жүк айналымының жалпы көлеміндегі үлесі 46,4% болды), және құбыр көлігінің 14,7%-ға ұлғаюына себепші болды (жүк айналымының жалпы көлеміндегі үлесі 23,7% болды).

**2.6. Байланыс****Өсудің жалғасуы**

2015ж. қаңтар-ақпанда байланыс қызметі көлемінің өсуі 2014ж. қаңтар-ақпанмен салыстырғанда 0,9%-ға дейін баяулады (2015ж. қаңтарда - 10,8%-ға өсті, 2014ж. қаңтар-ақпанда - 11,1%-ға өсті). Негізгі фактор - мобильдік байланыстан кірістер 1,0%-ға төмендеді, осы уақытта Интернет желісі бойынша кірістер 22,8%-ға өсті.






3. Инфляция

3.1. Тұтыну бағасының индексі

Инфляцияның өсу қарқынының баяулауы

2015 ж. қаңтар-ақпанда инфляцияның өсуі 2014 ж. тиісті кезеңге қатысты 6,8% болды, бұл азық-түлік тауарлары бағасының төмендеуіне себепші болды. 2015ж. ақпанда инфляцияның өсу қарқыны жылдық көрсеткіш бойынша 6,1%-ға дейін (2014ж. ақпанда - 5,4%) жеделдеді, айлық өсу 0,4%-ға дейін аздап баяулады. 2015ж. ақпанда ақылы қызмет көрсету бағасы мен тарифтерінің өсуі 1,3% болды.




4. Инвестициялар

4.1. Негізгі капиталға инвестициялар

Өсудің негізгі көзі - кәсіпорындардың меншікті қаражаты

Инвестициялардың өсу қарқыны 2015ж. қаңтар-ақпанда 2014ж. тиісті кезеңге (2015ж. қаңтарда көрсеткіштер 2,3% болды, 2014ж. қаңтар-ақпанда - 1,1%-ға өсті) 2,3%-ға дейін баяулады. Негізгі көз - меншікті қаражаттың үлесі 69,5% болды.




6. Еңбек нарығы

6.1. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық

Жұмыссыздық деңгейі өзгерген жоқ

Соңғы 5 жылда жұмыссыздық деңгейі рекордтық төменгі мәнге дейін төмендеді және 12 ай бойы 5,0-5,1% шекте қалып отыр. 2015 жылғы қаңтар-ақпанда жұмыссыздық көрсеткіші 5,0% болды.

2015 ж. қаңтар-ақпанда жұмыспен қамтылғандар және жұмыссыздар саны мүлдем өзгерген жоқ, нәтижесінде жұмыссыздық деңгейі бұрынғы деңгейде қалды.



6.2. Халықтың кірістері

Өсу жалғасуда

2015 жылғы қаңтарда орташа айлық жалақы 2014 жылғы қаңтарға номиналдық көрсеткіш бойынша 14,0%-ға ұлғайды. Бұл ретте, 2014ж. желтоқсанда жылдық көрсетудегі орташа айлық жалақы мөлшерінің айтарлықтай ұлғаюына қарамастан инфляцияның жоғары өсу қарқынының сақталуы халықтың нақты ақшалай кірісінің 102,6%-ға дейін өсу қарқынымен өтелді.

